



Автор: Кудайбергенова Гулжамила Азимовна
Бағдарлама тарауы: Ересек топ
Жас тобы: Қоршаған ортамен таныстыру
Білім беру саласы: Жазғы аула ойындары
ҰОҚ тақырыбы: «Жайдары жаз келді»

ҰОҚ мақсаты:	Балалардың табиғат туралы түсінігін кеңейту. Жаз мезгілінің ерекшеліктерін айтып түсіндіру. Табиғаттан көргендерін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету. Ой-қиялын, түйсік пен эмоцияларын әлемін дамыту. Достыққа, зеректікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс:	Табиғат-природа, жаз-лето. гүл-цветок, күн-солнце.
Рефлексия	1. Балалар бізді не қоршап тұр? 2. Сендер табиғатты жақсы көресіңдер ма? 3. Жаз мезгілінде табиғат қандай болады?
Әдіс-тәсілдер:	Серуенге шығу, бақылау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру. Дәстүрден тыс сурет салу.
Құрал-жабдықтар:	Табиғат суреттері, бояу, қағаз, қылқалам.
АКТ ресурсының атауы:	Білім кидс сергіту сәті, аудиосы.
Пәнаралық байланыс:	Қоршаған орта., Сурет салу.
Алдын-ала жұмыс:	Тақпақтар, мақал-мәтелдер.

ҰОҚ барысы

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ кіріспе бөлімі	Шаттық шеңбер... Балалар келіңдер... Қолдарыңды ұстаңдар Шаттық шеңберге айнала, Тұра қалыңдар шаттана. -Көне кеше кешкісін үйде немен айналыстыңдар? -Ойын ойнадық. -Анама көмектестім. -Ал, бүгін бақшада немен айналысқыларың келеді? -Ойнаймыз. -Тақпақ жаттаймыз. -Сурет саламыз. -Балалар мен сендерге тосын сый жасағым келіп тұр. -Яғни кәзір барлығымыз далаға, табиғат аясына шығамыз. Балалар далаға шығады.	

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ негізгі бөлімі	<p>-Балалар қараңдаршы бүгін ауа-райы қандай? -Ашық,күншығып тұр. -Балалар қазір қандай жыл мезгіл? -Көктем. -Ия,көктемнің еңсоңғы айы,күндері екен. Жақында «Жаз»мезгілі келеді. Жұмбақ жасыру: -Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. Балалар: -Күн. Күннің түсі қандай? -Сары. -Жылуы қандай? -Ыстық. -Айналадан не көріп тұрсыңдар? -Ағаштар,гүлдер,ойын алаңдарын. Балалармен табиғатты бақылау. Табиғат ерекшеліктерін айту. Мақал-мәтелдер айту. 1.Бір тал кессең, . Он тал ек. 2.Атадан мал қалғанша,тал қалсын. 3.Ағаш ексең аялап, . Басыңа болар саябақ. Тақпақтар айту: 1.Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар, Ағаштарды қорғайды. 2. Жазым келді жарқылдап, Қазым келді қаңқылдап. Гүлге қонды көбелек, Қос қанаты қом тылдап. 3.Алақай-алақай! Көктем кетіп жаз келді. Құстар келіп,гүл шықты. Шомыламыз тағыда.</p> <p>-Ал,енді сендерге тосын сыйым бар. (Балалар табиғат аясында,ағаштар көлеңкесінде сурет салуға дайындалған үстелге отыру). -Балалар бүгін суретті таза ауада саламыз. Түсіндіру жұмысын жүргізу. -Кәзір сендер сендер табиғаттан не көрдіңдер соны қағаз бетіне түсіресіңдер. Тәрбиеші түрлі жаз мезгілінің суреттерін көрсетеді. -Балалар өздерің табиғаттан көргендеріңді және мына суреттен көргендеріңді байланыстырып сурет саласыңдар. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. 1.Ең бірінші жеңімізді түреміз. 2. Бояуды ұқыпты етіп пайдаланамыз. 3.Бояуды,қылқаламды аузымызға салмаймыз. 4. Бір-бірімізден алшақ отырамыз. 5.Суды төкпейміз. Тәрбиеші сурет салу технологиясын көрсетеді. Балалар сурет салуға кіріседі. Сергіту сәті... (Білім кидс платформасы) Балалар суреттерін аяқтайды.</p>	<p>https://www.instagram.com/tv/CPmZfAjRmy/?utm_medium=copy_link</p> <p>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=487228586028253&id=100042233471504</p>
ҰОҚ қорытындысы	<p>-Қане балалар сурет көрмесін ұйымдастырайық. -Кімге қайсы сурет ұнады? -Не үшін ұнады? -Балалар бүгінгі таза ауада сурет салған сендерге ұнадыма? -ия. -Сендер табиғатты, яғни жайдарлы жазды әдемі салдыңдар. Мен сендермен мақтанамын. Бәріңе рахмет. Ал енді өздерің салған суреттеріңді ұстап,суретке түсейік. Кешке ата-анамызды қуантайық. Сабақ соңында балалар қалаған ойынын ойнау.</p>	

ҮОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Күтілетін нәтижелер:	Біледі: Табиғат ерекшеліктерін біледі. Табиғатты күтіп баптайды. Игерді: Өз ойларымен көрген суретті байланыстырып салады. Меңгерді: Әрқашан достармен бірігіп жұмыс жасайды.	